



СОЗАҚ АУДАНЫНДА 1 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ 13 ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Көп жылдан бері ауыл шаруашылығындағы өзекті мәселелердің бірі болып келген Созақ ауданындағы «Жылыбұлақ» каналының мәселесі облыс әкімі Дархан Сатыбалдының халықпен кездесуінен кейін шешімін тапты. Биыл жобалау сметалық құжаттамасы дайындалып, облыстық бюджеттен құрылыс жұмыстарын бастау үшін қаражат бөлінді. Жоба құны – 470 млн.теңге. Бұл канал пайдалануға берілген соң 650 га суармалы жер мен Құмкент, Қызылжанат елді мекендері тұрғындарының 133 га егістік жерлері ағын сумен толық қамтамасыз етілетін болады.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының халықпен тұрақты кездесуі Созақ ауданында жалғасты. Ел алдында есеп берген облыс басшысы биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығын қорытындылап, жеткен жетістіктер мен жасалған жұмыстың мән-жайымен тұрғындарды таныстырды. Сонымен қатар алға қойылған мақсат-міндеттермен бөлісіп, қолға алынатын жобаларға кеңінен тоқталып өтті. Халықпен кездесуге Түркістан облыстық мәслихатының хатшысы Нұралы Әбішев, облыстағы барлық басқарма басшылары қатысты.

Биыл 6 айда Созақ ауданындағы өнеркәсіп көлемінің көрсеткіші 265 млрд. теңгені құрады. Негізгі капиталға бағытталған инвестиция көлемі 40 млрд. теңгені құрап, тиісті кезеңмен салыстырғанда 19 млрд. теңгеге артты.

2027 жылға дейін ауданда 1 трлн. теңгеге 13 инвестициялық жоба іске асырылатын болады. Атап айтқанда, келер жылы жоба құны 100 млрд. теңге болатын «Қазатомпром» компаниясының күкірт қышқылын өндіретін зауыт құрылысы басталады. «Маңғышлақ-Мұнай» компаниясы табиғи газ өндіру кәсіпорнының құрылысы басталады деп жоспарлануда. Жоба құны - 89 млрд. теңге. 130 млрд. теңгеге «Созақ Фосфат» компаниясының минералды тыңайтқыш өндіру зауыты салынып, 1 мың адам жұмыспен қамтылады. «Сәстөбе инновациялық комплексі» каустикалық содаға арналған тұз сақтау қоймасы құрылысын бастайды. Қоймада жылына 100 мың тонна тұз сақтауға



мүмкіндік болады. «Созақ мұнай және газ» компаниясы қуаттылығы - 2 млрд. текше метр болатын газ өндіру жобасын іске асыруды жоспарлап отыр. Жобаның құны 700 млрд. теңгені құрайды.

- Жаңа зауыттардың құрылысына аудан аумағынан жер телімдері айқындалып, құрылыс жұмыстарына қажетті барлау жұмыстары жүргізіліп, құжаттары рәсімделуде. Бұл жобалар іске асырылғанда 1 706 тұрақты жұмыс орны ашылып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен септігін тигізетін болады. Біз өнеркәсіп саласын дамытуға күш саламыз. Халықты тұрақты жұмыспен қамту үшін зауыт-фабрикалар салуға басымдық береміз. Кәсіп бастауға ниетті барлық азаматтарға жан-жақты қолдау көрсетіледі,- деді Дархан Сатыбалды.

Әкімнің осыған дейінгі кездесуінде ауданның бірқатар маңызды мәселелері көтерілген еді. Олар кезең-кезеңімен, заң талаптарына сай жүзеге асуда. Осы уақыт ішінде алдағы қысқөктемгі су тасқынының алдын алу үшін Аққолтық елді мекеніндегі бөгеттер тұрғызылып, арықтар қазылды. Балдысу және Қарабұлақ елді мекендерінің тұрғындарына қосымша су өткізгіш құбырларын орнату жұмыстары жүргізілуде. Шолаққорған ауылының ішкі газ құбырының желісін тарту жұмыстары биыл толық аяқталады. Ауылға газ беру үшін автоматты газ тарату станциясы мен магистральды газ құбырының құрылысы келер жылы аяқталады. Ақшам, Наурыз шағын аудандарын ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Электр жарығының жиі өшуіне байла-

нысты ескі подстанция жаңартылатын болды.

Өнеркәсіп өнімінің көлемі бойынша Созақ ауданының облыстағы үлесі 60 пайызды құрайды. Биыл 6 айда жалпы өңірлік өнімнің көлемі 283 млрд. теңгені құрады. Созақ ауданы өнеркәсібі дамыған аудан болғандықтан облыс көлемінде өзін-өзі қамтамасыз етіп отырған бірден-бір дотациясыз аудан болып саналады. Жергілікті бюджет кірісі жыл басынан бері 7,5 млрд.теңгеге жеткен. 14 мың гектар жерге егін егіліп, өсімдік шаруашы-

желісі мен тозығы жеткен 3 трансформаторды ауыстырады. Ағаш бағаналары темір бетон бағаналарына ауыстырылады, жаңа трансформаторлар орнатылады. Биыл жергілікті бюджеттен қосымша 362 млн. теңге қаржы бөлініп, 11 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Облыстық маңызы бар Шолаққорған - Созақ, Созақ - Қарағұр, Шолаққорған - Құмкент жолдарының 152 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

- Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев абаттандыру, елді мекендерді таза ұстау мәселелеріне ерекше назар аударады. Аудан аумағын көркейтіп, қоршаған ортаны тұрмыстық қалдықтардан тазарту, жол бойындағы кәсіпкерлік нысандар мен үйлердің қасбеттерін ретке келтіру жұмыстары үнемі бақылауда болуы қажет. Бұл жергілікті әкімдердің жұмысының басты көрсеткіштерінің бірі. Тұрғындарды да осы жұмыстарға атсалысуға шақырамын.Тазалықты алдымен өзімізден бастасақ, шеттен

аудан аумағын көгалдандыру мақсатында 18 670 көшет отырғызылды,- деді өзі сөзінде облыс әкімі Дархан Сатыбалды.

Ауданда орналасқан өндірістік кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер демеушілігі есебінен соңғы үш жылда 1,3 млрд. теңгеге бірқатар нысандар бой көтерді. Екі мешіт салып берді. 6 балалар алаңшасын, 5 спорт алаңын салып, 12 көшені жарықтандырды. 15 нысанды абаттандырып берді. Созақтықтар аз қамтылған көп балалы отбасыларға 11 үй сыйлады. Солардың бірі осыған дейін облыс әкімі Дархан Сатыбалдының халықпен кездесуінде баспана сұраған мугедек Әйел бүгін арнайы алғыс айту үшін келді. Оған жергілікті кәсіпкер баспана сыйлаған.

Халықтың табысын арттыру мақсатында Созақ ауданында 6 айда 550 жаңа жұмыс орны ашылды. Ауданда жұмыссыздық деңгейі 5 пайызды құрайды. Бұл облыстағы ең төмен көрсеткіштердің бірі.

«Жайлы мектеп» пилоттық жобасы бойынша Шолаққорған ауылындағы 1961 жылы салынған Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің жанынан жаңа 900 орындық мектептің құрылысы биыл басталып, келер жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Биыл оқушылардың сапалы білім алуына толық жағдай жасау үшін, 23 оқу кабинеттерін жабдықтауға 182 млн. теңге қаралып, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Тұрғындармен диалог ашқан облыс әкімі Дархан Сатыбалды елді мекендерді дамыту мен халықтың тұрмыс-тіршілігін арттыруға бағытталған игі істер жалғасын таба беретінін жеткізіп, тұрғындардың қойған барлық сұрақтары мен ұсыныс-пікірлеріне жауап берді. Азаматтардың талап-тілегі мен өтініштерін тыңдады.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды әр 6 ай сайын халыққа атқарылған жұмыстың есебін беріп, тұрғындарды толғандырған мәселелермен жақын танысады. Мұндай жиындар өңірдегі барлық аудандар мен қалаларды қамтиды.

**Түркістан облысы
әкімінің баспасөз
қызметі.**



лығының өнімі 4,7 млрд. теңгені құрады. Созақ ауданы бойынша «Ауыл аманаты» бағдарламасы Созақ, Құмкент, Шолаққорған және Жартытөбе ауылдық округтерінде іске асырылуда. 4 ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылып, 76 жоба мақұлданды.

Ауданның инфрақұрылымын жақсарту бойынша жұмыстар жалғасуда. «Оңтүстік Жарық Транзит» компаниясы инвестициялық бағдарламасының аясында биыл 26,5 шақырым электр

келетін қонақтарға да дұрыс көзқарас қалыптастыратын боламыз. Былтыр демеушілер есебінен Шолаққорған ауылынан Түркістан бағытына шыға беріс жолының бойында 3,2 гектар жер телімі қоршалып, 3,5 мың көшет отырғызылған болатын. Көгалдандыру аймағына тамшылатып суғару жүйесі жүргізілген. Биыл бұл жұмыстар өз жалғасын тауып, қосымша 1,6 га жер теліміне 2 мың түп көшет отырғызылды. Жалпы, биыл

ДАРХАН САТЫБАЛДЫ ТҰРҒЫНДАР СҰРАНЫСЫМЕН САЛЫНЫП ЖАТҚАН СПОРТ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫС АЛАҒЫНДА БОЛДЫ

Созақ ауданының орталығы, Шолаққорған ауылынан заманауи үлгідегі 200 орындық «Спорттық-сауықтыру» кешенінің құрылысы басталды. Жалпы ауданы 3 га болатын спорт кешенінің оқу-жаттығу базасы да барлық заманауи талаптарға сай. Кешенде түрлі облыстық, республикалық және халықаралық спорттық жарыстарды өткізуге қолайлы жағдай жасалған. Екі қабатты ғимаратта волейбол және баскетбол алаңдары, күрес және аралас жекпе-жек пен боксқа арналған зал, бассейн, футболмен айналысуға арналған ашық спорт алаңы бар.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының тұрғындармен кездесуінде көтерілген мәселеден соң құрылысы қолға алынған заманауи спорт кешенін келесі жылы пайдалануға беру жоспарлануда. Жобаның құны 2 млрд. 65 млн. теңгені құрайды. Облыс әкімі Түркістан облыстық мәслихатының хатшысы Нұралы Әбішев пен Созақ ауданының әкімі Мұхит Тұрысбековпен бірге заманауи спорт кешенінің құрылыс алаңында болды.

- Созақ ауданына былтырғы сапарымда, осы ауданның тумасы, Мұрат есімді жаттықтырушы азамат Шолаққорған ауылында спорт сауықтыру кешенін салу жөнінде ұсыныс көтерген болатын. Аталған ұсыныстың маңыздылығын ескере отырып, Шолаққорған



ауылында спорт-сауықтыру кешенінің құрылысы бойынша шешім қабылданды. Спорт кешенінде футбол, бокс, күрес залы, 25 метрлік бассейн, сондай-ақ, кешеннің сыртқы аумағында футбол, баскетбол, волейбол алаңдары, жеңіл атлетика жолы қарастырылған. Бұндай заманауи үлкен спорт кешені сіздердің ғана аудандарыңызда бой көтеріп жатыр, деді Дархан Сатыбалды.

Созақтықтардың спортпен тұрақты түрде шұғылдануына ықпал жасау мақсатында ауданда 200-дей спорттық нысан жұмыс істейді. Соңғы үш жылда 6 балалар ойын алаңшасы, 7 кіші футбол алаңшалары және 6 стрит воркаут алаңшасы салынған. Нәтижесінде, ауданда бұқаралық спортпен шұғылданушылардың саны бүгінгі таңға 26 мың адамнан асып, аудан халқының

41%-ына жетті.

Қазіргі таңда «Ауыл – Ел



бесігі» бағдарламасының аясында Созақ ауылында спорт алаңының құрылысы жүргізілуде. Кешен пайдала-

нуға осы жылдың желтоқсан айында тапсырылады (жоба құны 483 млн. теңге). Бұдан бөлек, Қаратау ауылында жабық кіші футбол алаңының құрылысы жүргізілуде. Нысан биылғы жылдың қыркүйек айында тапсырылады (құны 93,4 млн. теңге).

Созақ ауданына жұмыс сапарымен келген Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды аудандағы индустриалды аймақты аралап, кәсіпкерлермен кездесті. Ауданда отандық өндірісті дамытып, бірлескен инновациялық жобалардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы экспорттық на-

нысқан облыс басшысы кәсіпкерлерді ауданның көркеюі мен әл-ауқатының жақсаруы үшін біріге жұмыс істеуге шақырды.

- Кәсіпкерлік саласы – бүгінгі күннің басты талабы. Оны дамытуда мемлекет тарапынан қолдау көп. Еңбектенемін деген жанға мүмкіндік мол. Мемлекет кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау үшін тиімді тәсілдер қолданып жатыр. Атап айтқанда, гранттар, шағын және жеңілдетілген несиелер беріледі. Шағын бизнесін шарықтатып отырған кәсіпкерлер саны біздің өңірде күн санап көбеюде. Бізге орта бизнестің дамуына тың серпін беретін кәсіпкерлердің «жаңа толқыны» қажет. Әкімдік бизнес-идеяларды қолдауға әрқашан дайын. Жаңа жұмыс көздерінің ашылуы да қуантарлық жағдай. Осы бағытымыздан таймаймыз, деді Дархан Сатыбалды.

Кәсіпорын уран өндірісіне арналған 210 литрлік металл бөшектерін шығарып, ауданда өндіріліп жатқан уран өндірісіне қажетті құрал - жабдықтарды жергілікті өніммен қамтамасыз етуде. Зауыт жылына 170 000 дана металл бөшке шығарады. Сондай-ақ техникалық майларға арналған ыдыс жасауды қолға алды. 35 жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылған.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДЕ ЖАСАЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі бірінші мәселе сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шаралары жөнінде аудан әкімі аппаратының заң бөлімінің басшысы Ұлжан Шекеева хабарлама жасады.

Сонымен қатар, жиында аудан аумағындағы ауылдық округтердегі өзекті мәселелер мен жол, ауыз су, көше жарықтандыру, құрылыс нысандары сынды атқарылып жатқан жұмыстарға жеке дара тоқталып, жүктелген тапсырмалардың орындалу барсын назарға алды.

Аудан басшысы ауылдық округтерде жасалып жатқан жұмыстарға салғырттықпен қарамай, жұмысты әрі қарай үйлестіре білу ауыл округ әкімдерінің тікелей міндеті екенін айтып өтті. Жүктелген тапсырмалар әр кез бақылауда болатынын және әр бір іске жауапкершілікпен қарауды қатаң ескертті.

Сондай-ақ алдағы жылу беру маусымына дайындық шараларының жұмыс барысына да тоқталып, жауапты мамандарға қосымша бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде спорт күні мерекесіне орай «Спорт – бақытқа бастар жол» атты мерекелік шара өтті.

Шара барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны әуелете шырқалып, ауданымыздың спорт саласы бойынша жеткен жетістіктері ба-

леді. Республикалық, облыстық сайыстарға тұрақты қатысып, жеңіс тұғырынан көрінуде. Халықаралық додалардан да топ жарып жүрген спортшыларымыз бар. Әрине жастарымыз спортты жанына серік етіп, ауданымыз бен облысымыздың атын шығарса, біз оған қуанамыз, деген аудан бас-

рейлі мерекелерімен құттықтап, ізгі тілегін арнаған аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабилбек Еспенбетов КСРО, Орта Азия жеңімпаздары атанған спорт ардагерлері мен бүгінде Республикалық, облыстық сайыс-

СПОРТ КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТТІ

яңдалды.

Жиынға арнайы қатысқан аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков спорт ардагерлері мен спортшыларды және спорт саласының қызметкерлерін айтулы мерекемен құттықтады.

- Халқымыз ежелден денсаулықтың қадірін жете түсініп, оны басты байлыққа балаған. Дені сау ұлт – бәсекеге қабілетті болады. Сондықтан спорттың бұқаралық сипатын дамыту – мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі. Спорт – елдің мерейін асырып, абыройын тасытатын сала. Тәуелсіздік жылдары еліміздің спортшылары халықаралық ірі жарыстарда топ жарып, көк байрағымыз асқақтай түсуде. Қазіргі таңда аудан спортшыларының да шеберлігі мен кәсіби деңгейі артып ке-



шысы Мұхит Сексенбайұлы бірқатар спорт саласының қызметкерлеріне арнайы алғыс хат пен сый-сияпат табыс етіп, құрмет көрсетті. Сонымен қатар, ауданда спорт саласы бойынша атқарылып жатқан ауқымды жобаларға тоқталып, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Аудан спортшыларын ме-

тардан жүлдемен оралып жүрген бірқатар спортшыларды арнайы алғыс хатпен марапаттады.

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары патриоттық әндер орындап, мерекенің ажарын аша түсті.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Жартытөбе ауылдық округінің әкіміне үміткер Жүсіпов Данияр Елшібекұлының САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Жартытөбе ауылдық округінің сайлаушылары!

Мен, Жүсіпов Данияр Елшібекұлы 1994 жылы 14 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе ауылында дүниеге келдім. 2000 жылы 1 қыркүйекте Жартытөбе ауылындағы Қ.Кемелұлы атындағы орта мектебіне бардым. 2011 жылы Алматы қаласындағы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіне түсіп, 2015 жылы «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. 2016 жылдың 1 маусымынан 2017 жылдың 10 қазанына дейін «Созақ ауданы Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде бас маман салық инспекторы болып жұмыс істедім. 2017 жылдың 16 қазанынан бастап бүгінгі күнге дейін әкім кеңесшісі, іс басқарушы қызметін атқарып келемін.

Мен үшін ең біріншіден әкім болу – дегеніміз ауылдың тұрғындарымен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, тәрмис деңгейінің жоғарылауына, талап-тілектерінің орындалуына, ауылдың көркеюі жолында, халықтың бірлігі мен ынтымағы үшін адал қызмет ету. Осы қызметте мен өзімнің жеке секторда жиған тәжірибемді және тың идеяларымды іске асыруға күш жұмсаймын.

Осы уақытқа дейінгі жұмыс тәжірибемді ескере отырып, ауылдың дамуына өз үлесімді қосу үшін алдағы сайлауға қатысуға бел будым.Өйткені осы ауылдың тумасы ретінде елмен етене араласып жүргендіктен ауыл тұрғындарын толғандыратын мәселелерді жақсы білемін. Жартытөбе ауылында алда атқарар жоспарлы жұмыстарымды жүзеге асыруға білімім мен бар күшімді салатын боламын.

Бұл үшін маған Сіздердің қолдауларыңыз керек!

Тел/Whatsapp: +7 775 803 75 93
Құрметпен, Жүсіпов Данияр Елшібекұлы!

Мені ауыл кімі етіп сайласаңыздар:

Округтің даму жоспарын жасап, іске асыру тетіктерін айқындауға;

Уақыт талабына сай жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында жұмыс жасап, Жергілікті қоғамдастық, Ардагерлер кеңесі, Жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамытып, мемлекеттік басқаруға ауыл азаматтарының ықпалын және жауапкершілігін арттыруға қол жеткізуге;

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде халықпен бірге болуға, ауыл тұрғындарымен бірлесіп отырып түрлі шараларды ұйымдастыруға;

Ауыл тұрғындары арасындағы жұмыссыздықтың деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдау. Ол үшін әр бос орынға немесе жаңадан ашылған жұмыс орындарына ауыл жастарын алуға, бірінші кезекте ешбір мүшесі жұмыс істемейтін отбасыларды жұмыспен қамтуға күш салуға;

Ауылдағы кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарымен және осы ауылдан түлеп шыққан кәсіпкерлермен тығыз байланыста болып, ауылдың мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастыру. «Туған жерге тағзым» акциясын жандандырып жүзеге асыру бағытында жұмыстар жүргізуге ықпал етуге;

Аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды, тыл ардагерлерін назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасау және шын зәру жандарға атаулы әлеуметтік көмектің нақты, уақытылы берілуін қадағалау.

Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдап, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, әлеуметтік көмек көрсетуіне;

Ауылдың санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыру бойынша жұмыс жасау.

Елді мекендерді қоқыстан тазалап, ішкі көшелердің, елді мекен сырты-



ның тазалығын сақтау үшін шаралар қабылдауға;

Көшелерді жарықтандыру жұмыстарын жүргізуге;

Электр қуатының төмен болуын анықтап, салдарын жою жолдарын анықтауға;

Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін тиімді іс-шара түзіп, дала өрті мен тасқын судан келетін қауіптің алдын алуға;

Ауданымызда жер қазба байлықтарын игеріп жатқан отандық, шетелдік кәсіпорындармен қарым - қатынасты арттыру, өндіріс орындарында жұмыс істейтін ауыл тұрғындарының үлес салмағын арттыру және оларды құқықтық қолдауға;

Жетіспейтін мамандар мәселесін шешу және жеке кәсіп ашуға ниет еткен тың идеясы бар азаматтардың мемлекеттік тұрғыдан берілетін қаржылай қолдауға қол жеткізуді қамтамасыз ету, және сол арқылы шағын және орта бизнестің өркендеуіне жол ашуға;

Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды ұтымды пайдалану арқылы жаңа кәсіптер ашу, мал басын асылдандыру, ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту жұмыстарын ұйымдастыруға;

Адам үшінбасты капитал – білім. Осы тұрғыда ауылдағы білім беру ұйымдарымен үнемі байланыста болып, оқушылардың түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуларына, қызығушылығы бойынша үйірмелерге қатысуына жағдай жасап, үлесімді қосуға;

Ауыл тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетуді басты назарда ұстауға;

Болашақ жастардың өншісінде екені бәрімізге мәлім және сол жас буын өкілі ретінде жастармен тығыз жұмыс жасаймын. Сол себепті, ауыл жастарының спортпен шұғылданып, түрлі жарыстарға қатысуларына, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қоғамға пайдалы іспен шұғылдануға жағдай жасау. Жастардың ауылда тұрақтауына жағдай жасай отырып, ауыл халқының санын арттыруға, жұмыссыз азаматтардың мемлекеттік бағдарлама бойынша кәсіптік білім алуына күш жұмсауға;

Ауылдық округ жастарының бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізуге;

Жергілікті учаскелік полиция инспекторымен білесі жұмыс атқарып, қоғамдық тәртіпті қадағалауға, құқық бұзушылық пен ұрлықтың алдын алуға;

Отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салтын насихаттауға, ауыл жастарына рухани-патриоттық тәрбиеге баулуға;

Ауыл ішіндегі мәселелерді дәстүрге айналған мерейтойлық кездесу ұйымдастыратын мектеп бітіруші түлектердің демеушілігімен шешу жұмыстарын жалғастыруға барлық күш жігірімді салуға уәде беремін!

Қымбатты сайлаушылар!

Ауылымыздың ертеңі қандай болатыны Сіз бен Бізге байланысты.

Сіздің даусыңыз – өз жақындарыңыз бен ауылдастарыңыздың бақытты және бақуатты өміріне қосқан үлесіңіз!

Сондықтан Сіздерді сайлау учаскесіне келіп дауыс беруге шақырамын.

Сайлауға келіңіз! Мен үшін дауыс беріңіз!

ЖАРТЫТӨБЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР БИХАН МҰРАГЕРДІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қадірменді сайлаушылар!

Ауылшаруашылығын, шаруақожалықтарды, ауылшаруашылығы тауар өндіруші кооперацияларды және ауылшаруашылық өнімдерін жан-жақты өңдеуді мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру.

Экология. Ауылды көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын үнемі жүргізу. Әлеуметтік қорғау. Мүгедектерге, зейнеткерлерге, ардагерлерге, тәрмисы төмен отбасыларға және көпбалалы аналарға үнемі көмек көрсетіп, бақылауда ұстау.

Медициналық қызмет. Ауылдағы медициналық қызметтің сапасын арттыру.

Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Жастармен үнемі жұмыс жүргізу. «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен ауылға жастарды шақырып, бос жұмыс орындарын ұсыну.

«Жұмыспен қамту», «Еңбек» мемлекеттік бағдарламалары бойынша жұмыстарды жүргізіп, ауыл халқының әлеуметтік жағдайын көтеру.

Өмірбаян

Бихан Мұрагер Габитханович 1991 жылы 2наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Қарақұр ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ.

Білімі жоғары. Қазақ ұлттық педагогикалық университетін заңгер мамандығы бойынша бітірген.



Еңбек жолы

2014-2015 жылдары Созақ ауданы Созақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманының уақытша атқарушы ветеринар дәрігері, 2015-2016 жылдары Созақ ауданы Созақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы ветеринар дәрігері, 2016 жылдан қазіргі уақытқа дейін Созақ ауданы Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Жартытөбе ауылдық округінің әкіміне үміткер Қалдыбекұлы Тұрардың САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Медициналық қызмет. Ауылдағы медициналық қызметтің сапасын арттыру.

Алдағы 4 жылдықта ауылдық округтегі қажеттілігіне қарай ауыл көшелерінің жолдарын жөндеу (асфальт) және жарықтандыруды 100 пайызға ретке келтіру.

Ауылшаруашылығын, шаруақожалықтарды, а/ш тауар өндіруші кооперацияларды және ауылшаруашылық өнімдерін жан-жақты өңдеуді мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру.

Экология. Ауылды көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын үнемі жүргізу. Ауылдық округ жастарының бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізуге.

Әлеуметтік қорғау. Мүгедектерге, зейнеткерлерге, ардагерлерге, тәрмисы төмен отбасыларға және көпбалалы аналарға үнемі көмек көрсетіп, бақылауда ұстау.

Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру, салауат-

ты өмір салтын қалыптастыру. Жастармен үнемі жұмыс жүргізу. «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен ауылға жастарды шақырып, бос жұмыс орындарын ұсыну.

Ауылшаруашылығын, шаруақожалықтарды, а/ш тауар өндіруші кооперацияларды және ауылшаруашылық өнімдерін жан-жақты өңдеуді мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру.

Өмірбаян

Қалдыбекұлы Тұрар 1988 жылы 20қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Қаратау ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ.

Білімі жоғары. М. Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік институтын экономист мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы

2007-2009 ж.ж Созақ ауданы, Қаратау ауылдық округі, Панфилов атындағы орта мектептің директордың өндірістік жұмыстар жөніндегі орынбасары, 2009-2010 ж.ж. Ауданның экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің жетекші маманы, 2012 жылдан қазіргі уақытқа дейін Созақ ауданы Қаратау ауылдық округі әкімі аппаратының кеңесші іс-басқарушысы.

«Әр үйге қауіпсіз тағам» акциясы

Созақ ауданында жаз мезгілінде ерте піскен жеміс-жидектер, бақша өнімдері мен көкөніс өнімдерінің құрамынан нитрат деңгейін анықтау мақсатында акция өткізіледі. Акция Созақ аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы және ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК ТО бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі, ТО Кәсіпкерлер палатасы Созақ аудандық филиалымен бірлескен түрде жүргізіледі.

Аталмыш акция ағымдағы жылдың тамыз айының 22-25 күндері С.Қожанов көшесінің бойындағы жайылма сауда қатарында, 23-күні Таукент елді мекені, 24-күні Созақ ауылында ұйымдастырылмақ. Аудан тұрғындары және әр тұтынушы сатып алған өнімдерін ақысыз тексеруден өткізіп, қауіпсіз тағамға қол жеткізсеңіз болады.

Қосымша сұрақтар бойынша Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жұмыс нөмірлеріне 8-72546-4-20-88, 8-72546-4-15-11 хабарласуға болады.

Созақ аудандық СЭББ басшысы

Х.Оспанов.

Туған жердің түлегі,

Шерәлі көкеміздің отбасында 1965 жылы үлкен қуаныш болды. Қарапайым жанға да үйдің кенже ұлы дүниеге келді. Ауылда дүкен сатушысы болып істейтін Абда апамыз Қайрат атты ұлға жарық өмір сыйлады.

Шерәлі көке ұлдың есімін қайратты азамат болсын деп Қайрат қойды.

Ағайын-туыстар қуанышқа ортақтасып, құтты болсын айтысты. Шілдеханаға адам көп жиналып, дүрілдетіп өткізді.

Үйдегі ең кішкентай бала болғаннан кейін Абда апамыз жастайынан қасынан бір елі қалдырмай ертіп жүрді. Ауыл тұрғындары «Абда қайда болса, Қайрат сонда» деп қағытатын.

Бала күнінен бұл ұлдары зерек әрі көпшіл болып өсті. Ауыл балаларын жинап алып, Қайрат күн ұзақ ойын ойнайтын. Оған қатарлары үйірсек-тін.

Бір күні мектеп табалды-

рығын аттады. Абда апамыз мектепке өзі алып барды. Білім ордасына табан тірегенде кішкентай Қайрат қатты толқыды. Бір жағы анасының ыстық құшағын қимайтын сияқты.

Алғашқы күннен бастап ол ұқыпты киініп, мұғалімдерінің айтқан сөзін қағып алатын бала ретінде ерекшеленді. Әліппені жақсы танып, әріп үйренген ол үздік шәкірттер қатарынан көрінді. Балалармен де тез тіл табысып кетті. Сыныптағы үздік оқушы атанды. Бастауыш сыныпты кілең бестікке, Алғыс хатпен бітірді.

Қызылкөлдегі М. Әуезов атындағы орта мектепте 8-сыныпқа дейін оқыған. Содан кейін отбасы Алматыға қоныс аударды да Қайрат орта мектепті сол қалада тәмамдаған. Туған жерге деген сағыныш, өскен елді сағыну болғаны рас. Қайрат бала кезінен спортты өзіне



серік етті. Қолы қалт етсе спортпен айналысатын. Жастайынан спортқа жақын болғандықтан 2009 жылдан бастап республикалық фристил федерациясының президенті атанған.

Ол 1999-2002 жылдары «Эйр Қазақстан» ЖАҚ жанар-жағар май қызметінің бастығы, 2002-2004 жылы «Қазкефтехним» ЖШС бас директорының орынбасары,

2004- «ҚазМұнай» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған.

Қайрат қоғамдық іс-шаралар мен қоса әлеуметтік мәселелерді шешуге қол ұшын созған.

Бала кезінде оқыған мектебі қарқастан салынғанын Қайрат білетін. Мектеп қабырғасында жүргенде армандайтын біздің ауылдың балалары да қаладағыдай заманауи мектепте оқыса деп қиял қанатына мініп,

сол мақсатына жетсем деп ойлайтын.

Осы арманы ақыры орындалып, өз қаражатына Созақ ауданындағы туған жері Қызылкөл ауылына 200 орындық мектеп салдырды. Ауылдастарына әсіресе, аз қаттылар және көп балалы отбасыларға үнемі материалдық қолдау көрсетіп, әлеуметтік нысандарға жөндеу

жұмыстарын жүргізуге, жол салуға жұмыс жасады. Бұл ауыл халқы үшін үлкен қуаныш болды. Облыс, аудан басшылары Қайраттың бұл игі ісіне ризашылықтарын білдірді.

Кейін қызметін «Табаған» демалыс орынына ауыстырды, «Табаған» 2005 жылдың соңынан бастап жұмыс істеген.

Қайрат Беркінбаев-кәсіпкер, ҚР Президенті іс басқармасының медициналық орталығы «Оңжетпес» емдеу сауықтыру кешені АҚ президенті қызметін абыроймен атқарды. Оңтүстік Қазақстан облысының мәслихат депутаты болды. Ол 2019 жылы Тәуелсіздік күні қарсаңында III дәрежелі «Барыс» мемлекеттік орденімен марапатталды. Өз қаражатына Қызылкөл ауылынан, мектеп және «Қайрат» балабақшасына салдырды.

Мен Қызылкөл ауылының тұрғыны Сайлаубек Теңізбаевпын. Қайрат баламыз өзі туып-өскен ауылына үнемі қол ұшын беріп тұратын еді.

Мен Қайраттың әкесі Шерәлімен бірге шаруашылықта жұмыс істедім. Ол кісі өмірінің соңғы кезінде

әрбір қылығын айтып, балаша мәз болатын. Абда жеңгеміз де ақкөңіл, көпшіл, жақсы кісі еді.

Шәкең маған көмекші болып жүрген кезде қатты ауырып, сол аурудан ақыры көз жұмды.

Қайрат менің үшінші

ізінен үлкен іс тындырып кетті. Оның салып берген бала бақшасы мен мектебінде немере-шөберелеріміз оқып, білім алып жатыр.

Мұндай іс кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Ал, Қайрат баламыз

Қайраттың өнегелі істері жастарға үлгі



Құмкент кеңшарының №3 фермасына мал шаруашылығына келді. Мен бас шопан ол кісі маған көмекші болды. Шәкең қарапайым, ақкөңіл, жүрегі таза азаматтын. Көмекші болып жүріп, көп іс тындырды. Сол жылы төл алудан мен кеңшардың озат бас шопаны атандым. Еріну дегенді білмейтін бейнетқор кісі-тін.

Қайрат ол кездері кішкентай бала-тын. Шәкең кенже ұлын өте жақсы көрді. Мал ауылда жүріп Қайраттың

ұлыммен мектепте қатар оқыды. Екеуі қатты дос еді. Ұлым кейін бірден ауырып, қайтыс болып кетті. Қайрат келген сайын маған арнайы сәлем беретін. Ол келген кезде ұлым келгендей қуанып қалатынмын.

Балам Қобыланбек екеуі мектепте тай-құлындай тебісіп, бір сыныпта оқыды.

Қайраттың қазасы қабырғамызды қайыстырды. Амал не? Алланың ісіне шара бар ма?

Қайрат өмірден озғанымен

бел шешініп кірісіп, білім ошақтарын салып берді. Бұл жастарға үлгі боларлық іс. Әлі де көптеген шаруа жасар ма еді? Бірақ Қайраттың ғұмыры қысқа болды. Өкінішті, әрине.

Жатқан жері жайлы болсын. Бағышталып жатқан құрандарымыз Қайраттың рухын нұрландырсын?

**Сайлаубек ТЕҢІЗБАЕВ,
Еңбек ардагері.
Қызылкөл ауылының
тұрғыны.**

Рухы бізбен бірге



Ия, Қайрат бауырымыз жайлы өткен шақта әңгіме айту өте ауыр. Ол елі үшін туған нағыз тұлға еді. Қазір өзім басқарып отырған балабақшаны өз қаражатына салдырды. Осы нысан біткенінше жиі хабарласып тұрды. Біткен күні қуанғанын айтсаңызшы. Жүзі балбұл жанып, ерекше шаттық сезіміне бөленді. Барлық қажетті құрал-жабдықтарды алып берді. Елге келгенінде балабақшаға соқпай кетпейтін. Тәрбиеленушілер де ағаларын ән-жырымен қарсы алып, құрмет көрсететін. Балаларға үлкен қуаныш сыйлаған Қайрат ағаларын бүлдіршіндер бала жүректерінде мәңгі сақтайды. Ауылдың кәсіпкер азаматы салып берген білім ыясын талапқа сай ұстап келе жатырмыз.

Төңірегіне тал-теректер, жүзім, алма, өрік, шие ағаштары отырғызылды. Осы балабақшада республикалық, облыстық, аудандық іс-шаралар өткізіліп келеді.

Бақшаның кіре берісінен бастап гүл көмкеріліп, жасыл желек жасалды. Келіп көргендер таңдай қағып кетіп жатыр. Елі үшін аянбай қаражат берген білім ошақтарын салғызған Қайратқа ауыл тұрғындары дән риза.

Ауылдың көркеюіне зор үлес қосқан Қайраттай азаматтың еңбегі ерен. Қайраттың елге жасған қызметі ұмытылмайды.

Оның елі үшін жасап кеткен мынандай әсем балабақша мен мектебі білім нұрын мәңгіге құйып тұрағаны анық. Ел болып Қайраттың рухына арнап бірнеше мәрте құран бағыштадық.

Барлық дұғаларымыз қабыл болсын. Өлді деуге болама, артына осындай игі іс қалдырып кеткен азаматты. Қайраттың рухы бізбен бірге.

**Нұржамал ТӨЛЕУОВА,
«Қайрат»
балабақшасының
меңгерушісі.**

Ең бегін елі бінеді

Қайратты бүкіл ел болып мақтаныш етеміз. Ол-соған лайықты азамат. Туған ауылына мектеп салып бергенде қатты қуандық. Өйткені кеңшардың орталығында заманауи үлгідегі мектеп бар да, бөлімшедегі яғни Қызылкөлдегі мектептің жайы ескі болатын. Бұл бізді

ұшырды. Жаңа мектепте оқыған оқушылардың көңілдері көтеріңкі білімге деген қыштарлығы жоғары. Мектеп ұстаздарының да бала тәрбиесіне деген қызығушылығы арта түсті.

Жаңа мектеп соғылғалы бері М. Әуезов мектебінен үздік бітірушілер қатары артты. Жалпы алғанда, мек-

бырқаған көңілдерге медеу. Жақсы жанның жасаған тірлігі мәңгі естелік болып қалды. «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөз Қайрат сияқты азаматқа арналып айтылса керек.

Қызылкөлдің қара баласының жасаған игі ісін халқы ешқашанда ұмытпайды.

Бейнесі ауылдастарының есінде

қатты ойландырып жүретін. Қандай қаракет жасасақ болады екен деген Қайрат Беркінбаевты осы мәселе көптен ойында жүргенін ауылға келген сапарында ортаға салып, пікірімізді тыңдаған еді. Көп ұзамай Қайрат мектеп салуға кірісіп кетті. Ауыл ақсақалдары батасын беріп, бәріміз бірауыздан қолдадық. Ауылдасымыздың бұл игі ісіне Қ.Сәтбаев мектебінің жжмы да қолдау білдіріп, қатты қуандық.

Мектеп құрылысы өте сапалы атқарылды. Оған өзіміз куә болдық. Қ.Беркінбаевқа ауыл ақсақалдары болып батасын бердік.

Көп ұзамай зәулім мектеп ғимараты бой көтерді. Бұл уақытқа дейін талай шәкіртті қанаттандырып



тепте жаңашылдық көбейді. Бір өкініштісі елі үшін барын аямаған есіп ердің дүниеден ерте озуға жүректерге салмақ түсірді.

Әйтсе де Қайрат бауырымыздың ізінен қалдырған ғажап ғибаратты ісі жа-

Оның жарқын бейнесі ауылдастарының есінде мәңгі сақталады.

Есен ДОСБОЛОВ,
Құмкент ауылы ардагерлер Кеңесінің төрағасы.

Сыныптасым асыл азамат Болатын

Қайрат екеуміз бір сыныпта оқып, есейдік. Ол бізбен 8 сыныпты бітіргенше оқыды. Алғаш мектеп табалдырығын аттаған сәттерден бастап екеуміз бірге жүрдік. Сырымыз да, жырымыз да бір болды. Ол елгезек, алғыр, достыққа адал еді. Сыныптастарымыздың ортасында бөделі жоғары-тын. Сабақты өте жақсы оқыды. Сегізінші сыныпты бітіргенше Грамота алды.

Сегізінші сыныпты қызыл куәлікке бітірді. Оқу мен бірге спортты да қатар алып жүрді.

Бала кезімізде асықты, ләңгіні бірге ойнадық. Бір мәселе болса, ол жанындағы жолдасына тез көмек беретін. Мектепте жүргенде қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Білім ордасында өтетін іс-шарадан ылғи да Қайратты көретінбіз. Аудандық жарыстарға да сол баратын. Сегіз қырлы, бір сырлы жігіт еді.

Кейін мектеп бітірген соң да байланысымыз үзілген жоқ. Биік лауазымда қызмет істесе де сол қарапайымды-



лығынан айныған емес. Қайырымды жігіт қиналған адамдарға қол ұшын бергісі келіп тұратын.

Мені Алматыда қызметке алып, әлеуметтік жағдайымның дұрыс-талуына көмек берді. Досымның көмегімен қаладан үй алдым. Маған ғана емес Қызылкөл ауылының көп адамына жақсылық

жасады. Ол үнемі істің үстінде жүретін. –Қайрат, сен осы қай кезде демаласың, деп сұрақ қоятынмын. Сол кездерде ол:

–Ереке, бәріне үлгеру керек, –дейтін.

Сондай керемет азаматтан қапыда айырылып қаламыз деп кім ойлаған. Ол туралы естелік жазамын деген ой менде болған емес.

Міне сол аяулы, асыл азаматтың ортамыздан мәңгі кеткеніне бір жылдың жүзі болып қалыпты. Қайран, Қайрат досым! Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын.

Ерлан МЕЙІРБЕКҰЛЫ
Сыныптасы.
Алматы қаласы.

Міне асыл азамат жайлы ел азаматтарының толғаныстары осындай. Теріскей елінің қай азаматынан сұрасаң да Қайрат Беркінбаев жайлы жылы пікірлерін айтады.

Қай бір жылы ауданымыздан бір топ ардагерлер Көкшетауға барғанда Қайрат оларды құрметтеген қарсы алып, жылқы сойып, қонақасы беріп, күткенін аудан ардагерлері жыр ғып айтады. Сол кезде ол уақыт тауып, қариялардың қасында болып, әңгіме-дүкен құрған. Елдің жағдайын сұрап, ақсақалдарға сыйсияпат жасаған.

Қандай үлкен лауазымды қызметте жүрсе де ол өзін ауылға келгенде қарпайым қалыпта ұстайтын. Елге келген сайын қариялардың үйіне кіріп, сәлем беретін. Дүниеден қайтқан кісілерге көңіл айтып, шын жүрегімен жұбататын.

Қайраттың ізінде ұрпақтары қалды. Ұлы Еркебұлан Алматы қаласында кәсіпкер. Келесі ұлы Бағдат Зеренді ауданында прокурор. Қызы Дәмелі шет елде магистратурада оқиды. Ұлы Сағадат Астанада мектеп оқушысы. Ең кіші ұлы Сардар Астанада мектеп оқушысы.

Ауылдағы көп балалы жанұялардың балаларына мектеп жабдықтарын, киім-кешекті өз қаражатына сатып алып беретін. Құрбан айт кезінде жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік, ет тарататын.

Жаны жайсаң ағайын-туғанға қадірлі азамат үнемі елдің жағдайын ойлап жүретін.



Қайраттың қазасын алғаш естігенде төбемізден жай түскендей болды. Қайғыдан ауылдастарының қабырғасы қайысты.

Ағайын-туысы, жерлеп келіп, Қызылкөлде Қайратқа арнап ас берді. Бүкіл Созақ жұртшылығы келіп, ағалары мен әпкелеріне көңіл айтты.

Қайраттың бауырлары оның жылдық асын оның туған жері Қызылкөлде өткізуді ұйғарды.

Халық игілігі үшін жасалған үлкен шаруа ел тұрғындарының есінен ешқашан шықпайды. Қайратқа деген құрмет ұрпақтан ұрпаққа жалғасары хақ. Асыл азаматтың бейнесі биіктей береді.

Туған жерін жанындай жақсы көрген Қайрат кіндік қаны тамған ауылының заманауи ғимараттармен

көріктенуіне үлес қосты. Ол өмірден озғанымен ізінде ісі мәңгі елдің есінде. Білім ұяларында тәрбиеленіп жатқан шәкірттер үшін Қайраттың жасап кеткен шаруасы үлкен өнеге. “Ауылына қарап, азаматын таны”



деген қағиданы Қайрат бауырымызға жүрегіне мықты етіп орнықтырған азамат.

Қазір ауылға барған сайын еңселі ғимараттарды көріп, мерейім өсіп қалады. Қайраттың тұлғасы көрініп тұрғандай әсерге бөленемін. Көзі тірі болғанда ауылға әлі де талай жақсы істер жасайтын еді ғой. Көпшіліктің батасын алып қызметтік сатыларға көтерілді. Биік белестерді бағындырды. Сонда ол асып-тасыған жоқ. Сол елжандылық қалпынан айнымады. Ол салдырған, білімінің нұрын төккен алтын ұя мектеп пен бала бақша қаншама ұрпаққа қызмет көрсетеді десеңізші. Таулар алыстаған сайын биіктей түсетіні сияқты Қайраттың бейнесі биіктей берері анық.

Асқа шақыру!

Құрметті ауылдас, жерлестер, құда-жекжаттар, ағайын-туыс, бауырлар!

Сіздерді бірімізге қимас бауыр, бірімізге адал жар, асқар таудай әке болған **Қайрат Шерәліұлы Беркінбаевтың** рухына бағышталған жылдық асына шақырамыз!

Мекен-жайы мен өтетін уақыты: 26 тамыз 2023 жылы Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қызылкөл ауылы, «Қайрат» балабақшасының ғимаратында сағат 12:00-де.

Беркінбаевтар әулеті.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

Абай намысшыл қоғамды аңсаған

Биыл Ұлы ақынымыздың 178 жылдық мерейтойы. Халқымыздың руханиятын әлемге танытатын теңдесі жоқ қандылық қайсы десең кімді еске түсіреміз әрине Абай мұралары. Абай мұралары күннен күнге заманына қарамастан, адамын таңдамастан өміршеңдігін жалғастыруда. Әсіресе, қазіргі таңда Әділетті Қазақстанды құрудамыз деп жарғақ құлағымыз жастыққа тимей жатқанда оның әділдік, адалдық, адамгершілік идеяларына негізделген, тағылымы мол шығармашылығы – қазақ әдебиетінің жауһары әр отаншыл, елшіл азаматтың санасына ой салады.

Кеше ғана мемлекет және қоғам қайраткері Дархан Мыңбайдың әлеуметтік желіде жариялаған Абай туралы жазбасына пікірді білдірген болатынмын. Менің ойымша біз Абайдың қадіріне әлі жете қойған жоқпыз. Абайдың ойшылдығын ұғыну үшін қарасөздерін терең үңіліп оқу керек. Бір рет астын үстің апырақтап сырғытып оқып жаттап алу нәтиже бермейді. Қайта қайта оқығанда ойға ой түйесің. Сонда ғана Сіз айтқандай “Мен Абай мұрасынан не алдым? Енді еліме, халқыма не беремін? Деген сұраққа жауапта былады. Абай ойлары тереңде жатыр деп жаздым. Шынында да кім қандай үлес қосты? Абайды қалай дәріптеп жатырмыз? Өз үлесінің қаншалықты маңызды екенін әр азамат ұғынса екен.

2009 жылы сол кездегі партиямыздың Хатшысы Ерлан Кариннің қатысуымен Семей қаласында Патриоттар форумы өтті. Облыстан 15 азамат қатысты. Біздің делегация пойызбен Алма-

ты арқылы жеттік. Түскеніміз сол күтіп алушылар. Бірден Абайдың басына барасыздар ма? – деп сұрады. Форумға қатысу іс сапардың басты мақсаты болғанмен, түпкі ойым Ұлы Абайдың басына бару. Мен бірден Абайдың басына барамын дедім. Қасымда Марина Лимаренко. Журналист болған соң оған көру маңызды шығар барлық мәліметті білу Абай туралы, ал менде Абайдың Жидебайдағы басына барып қабірінің топырағын бір сипаласам, ондай болмаса тұтынған заттарын бір сипалап Ұлт мақтанышының, Ұлттың келбетінің рухымен бір рухани қауышсам деген арман болды. Күн ыстық. Автобуста кондиционер жоқ. Сол автобуста өзге облыстың азаматтары да бар. Жол ойлы-қырлы, қара топырағы шығып жатыр, кей жерлерде қиыршық тас, кей жерлерде ғана асфальт дейтін асфальт емес қараң құраң бірдеңені ескі автобустың дөңгелегімен аямастан жаншып келеміз. Осы елдің оқыған азаматтары қайда қарайды екен? Абай ауылының жолдары осындай болса онда басқаны қайдам? – деп іштей қынжылдым. Жеттік-ау. Керемет мемориал. Абай мен Шәкәрімнің басқан іздері ғой сарғыш тарта бастаған даланың ерке шөптерінің басын сипаладым, Семей топырағынан шыққан Алаш арыстары ұлт зиялылары есіме түсті. Жидебайдың ауасымен тынысымды керіп демалдым.



Келгеніме қуандым. Еш шаршамадым. Абай, Шәкәрім рухына бас иіп сәлем беріп іштей құран оқыдым. Ұлт тұлғасына тағзым еттім. Абай мұражайындағы Абайдың қара мылтықтығының ағаш сабын сипалап, шүріппесін ұстап көрдім. Абай сөз мергені ғана болмағанына көзім жеткендей. Абайды ұрпақтан ұрпаққа бүкіл әлемге таныту үшін не істеу керек? – деген ой мазалады. Алла бұйыртып немерелі болсам Абай әндерін немере қыздарыма орындатамын деп іштей армандадым. Семейден келе салып қызым Ақеркенің скрипкадағы репертуарын қарасам Абайдың “Көзімнің қарасын” Ақерке өз қолымен нотаға түсіріпті. Бірден суретке түсіріп сақтап қойдым.

Ақеркем жоқ мәңгілік мекеніне аттанғалы да жеті жылға таяп қапты. Өзің жоқсың Ақгүлім бірақ сау-

сағыңның іздері, алақаныңның табы ақ қағазда қалыпты. Абай данышпан атаңның қадіріне сен ертерек жетіпсің, “Көзімнің қарасын” нотаға түсіріп елге таратып үлгеріпсің. Терең ойлай алған елжанды алтыным-ай..... Қолымда сарғайған ноталар жанды ноталар.

Патриоттар форумы өткен жылы алғашқы немерем Айша дүниеге келді. Айшаны флейтаға бердік. Биыл флейта мектебін өте жақсы бітірді. Флейтаны үйрететін жөнді бір қазақ қызын таба алмай орыс апайдың сыныбында оқуға тура келді. Абайдың әндерін алғашқы концерттерінде-ақ орындай бастады. Сүйсініп тыңдаймын. Ұрпағыма Абайды дәріптеудің бір шетін болса да аз да болса қорсетуге тырысып бақтым. Қиналсам. Мұңайсам Абайдың қара сөздерінен жауап іздеймін. Тереңдік, тұңғық таза философия Абайдың көкірегін кернеп қазақ санасына қозғау салыпты, әлі күнге дейін өміршеңдігі мәңгілік екенін дәлелдеп келеді.

Абайы бар барша қазақ бақыттымыз. Абайы бар дейтінім Абай мұрасы ұрпаққа азық, бүкіл қазақтың мәртебесі. Абай еңбектері-ұлттық жазба әдебиетінің ғылыми жауһары. Идеологиядан айырылып қалдық деп армандаймыз нағыз идеологияның көкесі Абайдың қаламында жатыр. Неге біз алыстан іздей береміз, іздей береміз? Әлем

таныған Абайдың қадірін әлі толық біле алған жоқпыз. Дегенмен де серпіліс бар. Қазақтың бойындағы кемшілігін айта отырып, санасына қозғау салуы, озық мәдениетке де телеуі ұрпаққа қалдырған ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі-ескірмейтін өшпес мұра. Сонау он төрт жыл бұрын ішімде бұғып, қысылып, тұншығып қалған дүниенің сыртқа шығуына Дархан Мыңбайдың жазбасы себеп болды. Киелі жерге киелі ат беріліп, иесін тауып Абай облысы рухтанды, Ұлы Абай рухы жшаттанды. Көзіміз ашыла бастапты, ары қарай дамыту көптің ісі. Тектілік пен естілік бауырлас ұғым бір Абайдың бойында. Сол он төрт жыл бұрынғы май топырағы шығып жатқан ойдым – ойдым жолдар әлде қашан жөнделген болар. Ал, Абай сол Ұлы Абай, қазақтың Абайы.

Абай іліміне үңілсеңіз ұлттық намысты жетілдіру-бас мәселе. Абай намысты қоғамды аңсайды. Ұлы ойшыл Абайдың мұрасын дәріптеу, қастерлеу, ұрпақтан ұрпаққа таратуға үлес қосу баршамызға аманат.

Калғайма ЖАНТӨРЕЕВА,
«AMANAT» партиясы
Түркістан облысы
атқарушы хатшысының
орынбасары,
Түркістан облыстық
мәслихатының депутаты.

Кітаптың тұсаукесері болды

Жақында Баба Түкті Шашты Әзіз әулие мәңгілікке мекен еткен Құмкент ауылында осы ауылдың ардақты азаматы, партия, кеңес қызметінде ұзақ жылдар қызмет еткен Кенжеғұл Берденовті еске алуға арналған мәдени танымдық, тағылымдық кеш болып өтті. Кеште сол кісіге арналып жазылған Досхан Жылқыбайдың «Тайғақ кезеңнің табанды ұлы» кітабының тұсауы кесілді.

Кітап авторы Досхан Кенжеғұл Берденовтің өмірі мен қызметі жайлы баяндама жасады. Бұдан кейін сахна төріне ауданның Құрметті азаматы, Қ. Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестіктің төрағасы, ҚР мәдениет қайраткері, ақын, драматург Мыңжасар Асқаров, ауылдың су жаңа әкімі Ерзат Орынбасарұлы ауданның Құрметті азаматы, ауыл ақсақалы Серікбай Жуаншалов көтеріліп, жаңа кітаптың тұсауын кесті.

Ауданның Құрметті азаматы, білікті дәрігер, осы ауылдың тумасы, «Қош бол, қандауыр» кітабының авторы Бүркіт Арынбеков, еңбек ардагері Сайлаубек Теңізбаев, ұстаз Жылқыбай Рысқұлбеков, «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек



Теңізбаев, ауылдық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Есен Досболов, Кенжеғұл Берденовтің үлкен ұлы Қапан Берденов, сондай-ақ көптеген азаматтар естеліктер айтты. Түске қарай “Зейнеп Бану” тойханасында Кенжеғұл Берденовке арнап ұл-қыздары, үрім-бұтағы дастархан жайып, ас берді.

Асқа ауыл ақсақалдары, Қызылкөл ауылының қариялар, сондай-ақ алыс-жақыннан келген қонақтар қатыс-

ты. Рухани шара кезінде Ахат Кенжебаев, Кенжебай Шал әулеті ән шырқады.

Шараны бастан-аяқ әнші, Жәнібек Кәрменовтің шәкірті, әнші-ұстаз Кенжебай Шал жүргізді.

Кітаптың тұсау кесеріне келген көпшілік бұл тағылымдық шарадан үлкен әсер алып тастады.

Сайлаубектің Сәрсенбегі.

Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің психологының ұйымдастыруымен “Неке және Отбасы” атты семинар-тренинг өткізілді.

Аталған тренингтің негізгі мақсаты ата-ананың бала тәрбиесіндегі қарым – қатынасы, отбасының маңыздылығы туралы түсініктер беру және отбасы қандылықтарын жетік меңгертуге үлес қосу.

Іс шара барысында ата – аналар мен жастар белсенділік

Неке және Отбасы



танытып, отбасы жайында өз ойларын толық жеткізіп, өздерінің отбасылары жайында әңгіме қозғады. Бір-бірлерімен еркін форматта пікір алмасты.

«Созақ үні» - ақпарат.

Созақ ауданы, Тасты ауылдық округінің әкімшілік шекарасынан 99,67 гектар жерін Созақ ауданы Қыземшек кенті шекарасына, Қаратау ауылдық округінің әкімшілік шекарасынан 53,02 гектар жерлерін Созақ ауданы Қыземшек кенті Тайқоңыр елді-мекені шекарасына, Сызған ауылдық округінің әкімшілік шекарасынан 1741 гектар жерін Созақ ауданы Таукент кенті шекарасына беру жолымен Созақ ауданының шекарасын өзгерту мәселелерін талқылау бойынша ауылдық округтер мен кенттерде жергілікті қоғамдастық жиынын өткізу туралы хабарлама

№	Жергілікті қоғамдастық жиынын шақырушы	Өткізілетін орын	Өткізілген уақыты
1	Тасты ауылдық округі әкімі	Тасты ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	28.08.2023 жыл Сағат: 11:00
2	Қыземшек кенті әкімі	Қыземшек кенті әкімі аппаратының ғимараты	28.08.2023 жыл Сағат: 11:00
3	Қаратау ауылдық округі әкімі	Қаратау ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	28.08.2023 жыл Сағат: 11:00
4	Сызған ауылдық округі әкімі	Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	28.08.2023 жыл Сағат: 11:00
5	Таукент кенті әкімі	Таукент кенті әкімі аппаратының ғимараты	28.08.2023 жыл Сағат: 11:00

Жемқорлық - қауіпті індет

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуді тиіс. Мемлекеттік органдардың жұмыстарының жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау,

заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын терендетіп түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арысшағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Гүлдана Жәнібекова,
Созақ ауданының статистика
басқармасының жетекші маманы.**

Мұрагерлік іс ашылды

2023 жылы 26 маусым күні қайтыс болған Қиясова Құндыздан мұраға қалған мүлікке мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлердің Шымкент қаласы, Тыныбаев көшесі, №28 ғимарат бойынша нотариус Ботанова Алия Амангелдыевнаға хабарласуын сұрайды.

Байланыс телефоны: 8-701-741-79-53.
Нотариус: А.А.Ботанова.

Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда

Шолаққорған ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл әже **Жақсылықова Аманкүл Мырзатайқызы** анамыздың дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл анамыздың нұрлы бейнесі жүректерде сақтаулы.

Кетсеңдағы бізден алыс мәңгілік, Жүрміз әлі сағынышпен қамығып.

Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда, Жадымызда тұрар әркез жаңғырып, - деп, асыл анамыз **Аманкүл**



Мырзатайқызының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 25 тамыз күні (24 тамыз – қонақ асы) Шолаққорған ауылы, А.Иманов көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: жұбайы, ұл-қыздары, бауырлары, Картаевтар әулеті.

Созақ ауданы әкімдігінің 2023 жылғы № қаулысына және Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы шешіміне бірлескен қаулысы мен шешіміне №1 қосымша

Түркістан облысы Созақ ауданы Қыземшек кенті әкімшілік шекарасын нақты орналастыру бойынша жасалған шаруашылық аралық жобасының Жер экспликациясы

№	Елді мекендердің атауы	Барлық жер көлемі	Оның ішінде					Өзге жерлер	
			Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	Ауыл шаруашылығы алқаптары	Оның ішінде				
					Егістік жер	О.і Суармалы егістік	жайылым		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	
Қыземшек кенті									
1	Қыземшек кенті	19888,95	91,79						
2	Қыземшек кентінің мал жайлым жерінен қосылатын жер телімі	120,82							
	Қыземшек кентіне Тасты а/о жерінен қосылатын жер телімі	99,67	59,39	59,39			59,39		
Тайқоңыр кенті									
3	Тайқоңыр кенті	3105,34	7,28						
4	Тайқоңыр кентіне Қаратау а/о берілетін жер телімі	53,02	27,98	27,98			27,98		
5	Қыземшек кенті жалпы жер телімі	23267,80	186,44	87,37			87,37		

Кестенің жалғасы

Елді мекеннің жерлері және саяжай жерлері	Елді мекеннің мал жайылым жерлері	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, жері ж/е өзге де а/ш мақсатына арналмаған жерлер	Су қоры	Орман қоры	Ерекеше қорғалатын аумақ
10	11	12	13	14	
91,79	1103,57	18690,09 108,36	3,50 12,46 56,24		
10,80	81,53	2649,09	363,92 25,04		
102,59	1185,10	21447,54	445,20		

Созақ ауданы әкімдігінің 2023 жылғы № қаулысына және Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы шешіміне бірлескен қаулысы мен шешіміне №1 қосымша

Түркістан облысы Созақ ауданы Таукент кенті әкімшілік шекарасын нақты орналастыру бойынша жасалған шаруашылық аралық жобасының Жер экспликациясы

№	Елді мекендердің атауы	Барлық жер көлемі	Оның ішінде					Өзге жерлер	
			Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	Ауыл шаруашылығы алқаптары	Оның ішінде				
					Егістік жер	О.і Суармалы егістік	жайылым		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	
Таукент кенті									
1	Таукент кенті	541,94							
2	Сызған ауылдық округінен	1741,0							
	Жоба бойынша Таукент кентінің жалпы жер көлемі	2282,94							

Кестенің жалғасы

Елді мекеннің жерлері және саяжай жерлері	Елді мекеннің мал жайылым жерлері	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, жері ж/е өзге де а/ш мақсатына арналмаған жерлер	Су қоры	Орман қоры	Ерекеше қорғалатын аумақ
10	11	12	13	14	
203,30	319,75	18,89			
270,06	1337,08	133,86			
473,36	1656,83	152,75			

10 тамыз – Қазақтың ұлы ақыны ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер – Абай Құнанбайұлының күні.

Абай дана, Абай дара қазақта, Жоқ қой бұндай мына әлемде, ғажапта.

Асқақтаған даңқы әркез әлемге, Кім білмейді ұлы Абайды қазақта? Осындай өлең шумақтарымен Абайды әркез насихаттауымыз – бұл қанымызға сіңген даналық. Халқымыздың осындай маңдайына біткен ұлы тұлға перзенті жадымыздан еш ұмытылған емес. Оның бізге мұра болып қалған еңбектері санамыздан өшпес, жүрегімізден сөнбес, біз үшін ешқашан таусылмайтын, бітпес асыл рухани мұра. Абай тек халықтың надандығын емес, сонымен қатар көзі қарақты жастарға салт пен сананы, дін мен дәстүрді, өркениетке жетелеп, қараңғылықтан шығарар білім мен тәрбиені түсіндірген. Жалпы, адамзат ойының асқақ шыңын бағалайтын асқар тұлға Абай тағылымы жылдан жылға, ғасырдан ғасырға көздің жауын алатын асыл жауһардай күн өткен сайын одан әрімен жарқырай түсуде. Абайды бүгінгі күннің игілігіне айналдыру – бәріміздің абыройлы борышымыз.

Абай шығармашылығын жас ұрпаққа таныстыру, Абайдың жұмбақ әлемінің тылсым сырларын аңғарту, «Сөз патшасы - өлең» құдіретінің асыл сөз маржандарын бойларына сіңірту, ой-қиялдарын поэзия әлеміне енгізу мақсатында Созақ аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен

«Дара Абай – дана Абай» тақырыбында әдеби кеш өткізілді. Іс-шара аясында оқу залында Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған «Ұлы халықтың – ұлы Абайы» атты кітап көрмесі оқырмандарға ұсынылды.

Кітап көрмесіне Абайдың өмірі мен шығармашылығы, еңбектері мен танымал тұлғалардың ақын туралы жазылған мақалалары ұсынылды және «Абай Құнанбайұлы – көгілдір экранда» атты бөлімде Хакім Абай туралы көркем және деректі фильмдері туралы суреттер, мәліметтер, домбыра және жақсы көрген тоғызқұмалақ атрибуттары қойылды.

Балалар кітапханасының меңгерушісі Галия Маймақова Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған кітап көрмесімен таныстырып, шолу жүргізді. Кітапханашы А.Әшірбек ақынның өмірі мен шығармашылығымен таныстырып, оқырмандарға «Абайдың балалық және жастық шағы» атты видеоролик ұсынды. Оқырмандар Абайдың «Желсіз



түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» әндерін теледидар арқылы караоке негізінде орындады.

Кітапхана оқырмандары «Өлең - сөздің патшасы» тақырыбындағы әдеби сәтте Әлімтөре Гүлбиби «Ауру жүрек ақырын соғады жай», Есенгелді Шұғыла «Білімдіден шыққан сөз», Базарбай Айару «Ғылым таппай мақтанба», Еркебай Әділжан «Жаз», Кенбай Әмина «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», Мейірбек Айда 6-шы

қара сөзін, Әбубәкір Айғаным 1-ші қара сөзін мәнерлеп оқып берді. Кітапхананың тұрақты оқырманы Көшібай Дариға Абайдың бір өлеңін оқыса, анасы Жайнақ Ғазиза «Көзімнің қарасы» әнін орындап берді.

Кітапханашы Әсем Сарыбаева Абайдың шығармашылығына байланысты әдеби викториналық сұрақтар ұйымдастырып, сұрақтарға жауап берген оқырмандарға Абай күніне байланысты шығарылған 2023 жылдың күнтізбегін сыйлады.

Іс-шара соңында оқырмандар кітап көрмесімен танысып, Абайдың сүйікті ойыны тоғызқұмалақ ойынын ойнады.

Біз үшін жалпы қазақ халқы үшін еңбегі еш өшпейтін, мәңгі адамзаттың жүрегіне төрден орын алатын, жауһардай жарқыраған асыл сөздері мен таным тынысымызға, тәлім тәрбиемізге өз үлесін қосқан, біз үшін дана ақын, дара ақын, елі үшін ұлы перзент ұлы тұлға - Абай мәңгі есімізде қалады!

Галия МАЙМАҚОВА,
Созақ аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

МӘСЕЛЕНІ КАДР ШЕШЕДІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мемлекеттік мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 22 желтоқсандағы №513 бұйрығының «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асуда. Аудан халқы білетіндей ауданымыздағы бір неше мектептердегі директорлық орындарға конкурс жарияланған болатын. Біреулерінде аяқталды, біреулерінде әлі де жалғасуда. А.Науайы мектебінің директорлығына конкурста қатысқан Балтабаев Нұрмухаммед Рысбайұлы біраз уақыт бұйрықта көрсетілген түрлі сынақтардан өтіп жуырда 5 жыл мерзімге директор болып тағайындалды. Жалпы мен өзім 30 жылға жуық білім беру саласының



қазанында қайнағандықтан аудан мектептерінің жетістіктеріне қуанып, кемшіліктеріне ренжіп, жайкүйіне іштей баға беріп отырамын. Нұрмухаммед тағайындалғанда қуандым. Менің түсінігімде директорлыққа қоғам мүддесін өз мүддесінен жоғары қоя білетін, «қарны тоқ» кадр келуі керек! Көрмегеннің көргені құрысын,- деген аталы сөз текке айтылмаса керек. «Балалаң ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»,- деген нақыл тағы бар. Ауданымыздың құрметті азаматтары-Балтекең мен Рысбай Балтабайұлының тәрбиесін көріп, өнеге алған ұрпағы дегенім ғой.

Айтайын дегенім, қазіргі мектеп басшыларына білімділік пен қатар менедж-

жерлік қасиет те керек-ақ. Өйткені, жоқтан бар жасайтын өтпелі заманда тұрмыз. Нұрмухаммедке директор міндетін уақытша атқарушылық жүктелген күннен бастап-ақ мектептің төңірегін абаттандыру жұмысына кірісіп кетті. Оқырманға сенімді болу үшін біраз атқарған тірліктерін санама-лап өтейін. Бұрын мектептің кіре беріс маңдайшасы өте көріксіз болатын. Техникалық қызметкерлерді жұмылдыра отырып, демалушылардың есебінен ғимараттың кіреберісін заманауи талғаммен жаңартты. Мектепке терістеу орнатылған Ә. Науайының ескерткіші кіре беріске ыңғайластырылып қайта орнатылды. Жуырда жаңа қызметімен құттықтап, аздап ақыл-

дырып, 2 артезиан құдығын қаздырып, үнемі суарып кереметтей футбол алаңын жасапты. Көріп риза болдым. Басқа мектептердегі алаңдардың ахуалы мен үсті-басын шаң басқан оқушылар көз алдыма елестеді. Сондай-ақ мектептің шарбағын жолға тақап қойғандықтан оқушыларды тасымалдауға келген көліктер үшін тұрақ жоқ еді. Шарбақты ішке жылжытып, арнайы тұрақ жасапты. Тағы бір айтарлық дүние, майда-шүйде демей, велосипед мініп келетін оқушылар үшін де арнайы тұрақ жасақтапты. Бұған қалай қуанбайсың? Мен барған күні техқызметкерлерді жұмылдырып, өзі бас-қас болып көптен шешімін таппай келе жатқан мектептің жылу

жүйесінің ақауын реттеп жатыр екен. Айтуларынша өткен жылдарда жылу жүйесіндегі су жылдам азайып қазандықтағы қысым төмендеп қала беретін көрінеді. Бірме-бір жүріп тексерудің арқасында сол ақауды тауыпты. Спорт залының еденінің астынан жүргізілген жылу трубасы тесілген боп шығыпты. Еденді түгел көтеріп жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатқандарына күә болдым. «Қыс қамын жаз ойла»,-деп бекер айтпаған. Дұрыс-ақ екен!

Бұл менің 10 жыл оқып, орта білім алған алтын-ұя мектебім. Біздің дәуірімізде білім сапасы өте жоғары болатын. Кереметтей ұстаздар дәріс берді. Сол ұстаздар берген білімнің арқасында жоғарғы оқу орнын үздік дипломмен бітірдік. Біздің қарақөз балаларымыз да мынау технологиясы дамыған заманға сай білімді, ілімді болса деп армандаймын. Қоштасар сәтте жаңа директорға бар айтқаным: «Інім, білім сапасын көтеру, мұғалімдер арасында тәртіп орнату, оқушыларға дұрыс тәрбие беру басты назарда болсын!»-деп, сәттілік тіледім. Жаңа Қазақстанның кемел тасы осылай қаланса керек-ті!

Кәмілжан АЙТЫМЕТҰЛЫ,
«Созақ үні» газетінің штаттан тыс тілшісі, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директордың міндетін уақытша атқарушы:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Жауапты хатшының уақытша міндетін атқарушы:
Нұрсұлтан Қанатұлы
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріші-
Бағиға АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманжол КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3733 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев